

Тобы		Кіші топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы		СӘУІР // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	1	Таным	2	Шығармашылық	3	Әлеумет		-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5			-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1			-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25			-
							Мүсіндеу	0,25			-
Ғарышқа саяхат / Путешествие в космос / Cosmic // (1-апта)											
Мақсаты. Балаларға ғарыш туралы қарапайым ұғымдар беру; ұшақтың, зымыранның жылдам ұшатынын байқыту; аспандағы жұлдыздардың жарқырағанына қызығышылықтар тудыру.											
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ғарышқа алыс самғайық!" Мақсаты: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Саяхатшылар әні". Мақсаты: балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздар түрлерімен таныстыру; байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру; адам тұрмысына қызығушылықты қалыптастыру.	Сенсорика. Тақырыбы: "Ғарыштағы бояулар". Мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Ғарыштағы ғажайып". Мақсаты: балаларды әндегі музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру; эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.							
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ғарыш әлемінде". Мақсаты: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге дағдыландыру; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстауға ынталандыру; күші мен шапшаңдығын дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ұшақ". Мақсаты: балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру; ғарыш әлемі мен ұшақ түрлеріне деген қызығушылықты қалыптастыру және оқу қызметінде адамгершілікке тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Жұлдыздар". Мақсаты: балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру; байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту.							
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ғарыш шегіне жетейік". Мақсаты: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізе білуде жаттықтыру; күшті, шапшаң, иілгіш болуға ынталандыру; елестету қабілетін, түйсігін дамыту.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Сақина". Мақсаты: балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру; жасалған мүсінге қуануға тәрбиелеу.							
Жер-Ана! / Родная земля / Homeland // (2-апта)											
Мақсаты. Балаларға үй жануарларының көктемдегі тіршілігі туралы жалпы түсініктер беру; үй жануарларының шығаратын дыбыстарына, қимылдарына еліктеуге баулу; қамқорлыққа тәрбиелеу.											

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбектейміз ерінбей!". Мақсаты: балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Құлыншақ". Мақсаты: балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау.	Құрастыру. Тақырыбы: "Құс ұясы". Мақсаты: балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призматы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; балалардың құрылыс материалдарынан құрылыстар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; табиғат өзгерістерін байқай білу қабілетіне тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Жер-Ана, кең дала!" Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің айтылу ерекшелігін дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбек түбі - береке". Мақсаты: балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өте білу қабілетіне дағдыландыру; денені тепе-теңдікте ұстай білу, иілгіш, зерек болуға баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жылқы мен құлын". Мақсаты: балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету; қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Жер-Ана". Мақсаты: балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбек етсең емерсің". Мақсаты: балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өте білу қабілетін жетілдіру; жаттығуда денені тепе-теңдікте ұстай білу, иілгіш, зерек, шапшаң бола білуге тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Құлыншаққа шарбақ". Мақсаты: балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтар үстіне жоғарыдан төмен таяқшаларды салып шығуға жаттықтыру; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру; оқу қызметінде адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
Көктемгі ағаштар / Весенние деревья / Spring trees // (3-апта)					
Мақсаты. Балалардың қоршаған табиғаттың бірнеше құбылысымен таныстыру, ауа райында, табиғаттағы құбылыстарды байқатып, жағымды эмоционалды жауаптарды тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Егейік көктем ағашын". Мақсаты: балаларды құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Көктем келді". Мақсаты: балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; ағаштарды күту мен аялай білуге, достыққа, белсенді болуға тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Пойызбен саяхат". Мақсаты: балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін өртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; көктемгі ағаштарға деген қызығушылықтарын ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Жасыл желек". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; топпен музыка мен қимылды үйлестіре бір мезгілде бастап, бірге аяқтауға дағдыландыру; ойында бір-біріне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбегіне қарай өнбегі". Мақсаты: балаларды құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге дағдыландыру; қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу, көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Аққайың". Мақсаты: балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру; табиғатты аялауға және адамгершілікке тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Жасыл желек". Мақсаты: балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру; бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңбек ептілікті сүйеді". Мақсаты: балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін жетілдіру; жаттығуларда шымыр, күшті, мерген болуға ынталандыру.			Жапсыру. Тақырыбы: "Алқаны жинайық". Мақсаты: балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	
Бір шаңырақ астында / Под небом единым / Under the one sky // (4-апта)					
Мақсаты. Балаларға Қазақстан халықтарының достығы жайында жалпы түсінік беру; ойын мен ертегілер мысалында ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дөп-дөңгелек шаңырақ". Мақсаты: балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Түлік мен қоян" ертегісі. Мақсаты: Балаларды "Түлік мен қоян" ертегісімен таныстыру; ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру; ертегі кейіпкерлеріне деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Гараж". Мақсаты: балаларды гараж құрастыруда "қорапша" мен "құс ұясын" құрастырудағы амалдарды қолдану қабілетіне үйрету; білеу материалымен танысып, шатыр ретінде қолдануға дағдыландыру; ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Әлди, әлди, бөпешім!" Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты лақтыру техникасы". Мақсаты: балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға дағдыландыру; қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге, зерек, шымыр болуға баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ауаның қасиеті". Мақсаты: балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту; байқағыштығын, қабілеті мен танымын, түйсіктерін дамыту.	Музыка. Тақырыбы: "Бесік жыры". Мақсаты: балаларды әнді мұқият тыңдап, сипаты мен сөздік мағынасына эмоционалды жауап беруге ынталандыру; қимылдарды музыкалық ырғаққа сай жасауға баулу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты лақтыру техникасын пысықтау". Мақсаты: балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыра білу қабілетін жетілдіру; жаттығуларда зерек, шымыр, ұйымшыл бола білуге ынталандыру.			Сурет салу. Тақырыбы: "Әуедегі шарлар". Мақсаты: балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру; көзбен шардың пішіні мен түстерін қабылдауын, бақылағыштығы мен елестету қабілетін дамыту; жағымды эмоциялардың дамуына мүмкіндіктер жасау.	